



KAZAKHMYS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL

Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2010 жылғы 4 наурыз

ҚАЗАҚМЫС ТОБЫ 2009 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

Бүгін Қазақмыс Тобы (Қазақмыс ПЛС) ENRC PLC компаниясындағы Топқа тиесілі 26 пайыздық салымды есепке алмағанда, 2009 жылдың 12 айы ішіндегі өндірістік және қаржылық қызметінің нәтижелерін жариялады. Сол үлесті қоса есепке алатын қосымша хабарлама 2010 жылдың 30 наурыз күні жарық көреді.

Топтың басқаруындағы бөлімшелердің операциялық қызметінен болған EBITDA көрсеткіші алдыңғы жылдағымен салыстырғанда, 26 пайызға төмендеп, 1211 млн.АҚШ долларын құрады. Бұл табыс көрсеткішінің төмендеуі ғаламдық экономикалық дағдарыстың кезеңінде мысқа деген бағамдардың күрт төмендеуімен байланысты. Алайда Топ дағдарысқа қарсы шараларды дер кезінде қолдануының және өндіріс тиімділігін арттыруының есебінен құлдырауды ішінара еселендіре алды. Жылдың екінші жартыжылдығында қосарлы өнімдерге деген бағамдардың жоғарылауы мыс өндірісінің өзіндік құнын төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік туғызды.

Топтың таза берешегі 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы 1628 млн.АҚШ долларынан 2009 жылғы 31 желтоқсандағы 689 млн.АҚШ долларына дейін азайды. Операциялық қызметтен түскен қаражаттар таза берешекті қысқартуға жұмсалды. Оның үстіне, Екібастұздың ГРЭС-1 станциясының 50 пайыздық үлесін сатудан Топ 681 млн.АҚШ доллары түрінде пайда тапты.

2009 жылдың 12 айы ішіндегі өндірістік есепте жарияланғандай, Топ тау-кен өнімдері мен металл өндіру жөніндегі өзінің жоспарын асыра орындай алды. Атап айтқанда, болжанған өндіріс көлемі 300 мың тонна болғанда, катодты теңгерімдегі мыстың өндірісі 320 мың тоннаны құрады. Kazakhmys Corper бөлімшесінде концентраттағы алтын мен мырыш өндірісі 2008 жылғы көрсеткішімен салыстыра қарағанда 9 пайызға жоғарылады, ал күміс өндірісі бұрынғы деңгейінде сақталып қалды.

2009 жылдың соңында Қазақмыс Тобы жалпы сомасы 2700 млн.АҚШ долларын құрайтын екі ауқымды жобаны, яғни Бозшакөл мен Бозымчакты дамыту үшін, және де өзге де капиталдық жобаларды дамыту үшін қажет болған қарыз қаражатты тарту туралы шартқа отырды. Бозшакөл жобасы жылдың соңына қарай аяқталуы жоспарланып отырған техникалық-экономикалық негіздемелеу кезеңіне көшті. Топ 2010 жылдың соңында алғашқы руда өндіруі басталатын Бозымчак кен орнын игеруін бастады. Қазіргі уақытта Ақтоғай жобасын қаржыландыру туралы мәселе қаралу үстінде.

2009 жылы Қазақмыс Тобы мысқа деген әлемдік бағамдардың қалыпты деңгейіне оралуы аясында өзінің 2009 жылдың 31 желтоқсанында 1328 пенс межесіне дейін жетіп, яғни 475 пайыздан астам өсім деңгейін көрсетіп, FTSE-100 индексі бойынша «көгілдір фишкалар» арасындағы Жыл Компаниясы болып танылды. Топ уақыттың талаптарына сәтті түрде икемделе отырып, акционерлеріне 48 млн.АҚШ доллары мөлшерінде дивиденттер төлеуін қайта бастау туралы шешім қабылдады (бір акциясына 9,0 АҚШ центрі).

2009 жылдың ішінде Қазақмыс Тобы өзінің сатып алу қызметін отандық өндірушілердің үлесін басым түсіруге қарай қайта бағыттау жөніндегі елеулі қадамын бастады. Топ Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен және Қарағанды облысының

Өкімшілігімен бірлесіп, Қазақстан тауар өндірушілерінің бірінші форумын өткізді және де екінші форумында белсене қатысты. Қазақстанның орта және шағын бизнес өкілдерімен іскер келісім-шарттар мен ниеттестік туралы Хаттамаларға Қазақмыс Тобының қол қойғаны осы іс-шаралардың нәтижесі болды. Оның үстіне, несиелендіру нарығындағы тапшылық жағдайларында Топ бірқатар отандық компанияларға олардың өндірісіндегі тауарлардың болашақ жеткізілімдерінің есебінен алдын ала төлем жасау түрінде елеулі қаржылық қолдау көрсетті.

Қазақмыс Тобы бизнестің жауапкершілігі саласында көшбасшы дәрежесін сақтап қалып отыр. Ақшалай қаражаттарды сақтап қалу және рентабельділікті қорғау жөнінде алға қойылған міндеттердің орындалуы Қазақмыстың қызметкерлер құрамын сақтап қалуға әрі жалпы өндіріс пен қызметкерлердің игіліктерін қорғауға зор мүмкіндік туғызды. Әлеуметтік саланы қолдауға Топ 2009 жылы шамамен 88 млн.АҚШ долларын жұмсаған. Бүгінгі күнде, Қазақмыс 61000 астам қазақстандықтарды жұмыспен қамтып отыр, әрі елдегі ең ірі деген салық төлеушілердің бірі болып табылады және әлеуметтік саладағы 150-ден астам ірі нысандардың қызметтерін қаржыландырып отыр.

Қазақмыс ПЛС бас атқарушы директоры Олег Новачуктың айтқаны: «Шынын айту керек – біз үшін бұл оңай жыл болмады, әсіресе, бас кезіні. Дегенмен де Қазақмыс осыған төтеп беріп қана қоймай, табысқа да қол жеткізді. Толығымен жыл ішінде өндірістің өзіндік құнын төмен деңгейде ұстап тұруға және де жоғары өндіріс тиімділігін қамтамасыз етуге қол жеткізгендігіміз өте маңызды. 2010 жылы өндірісімізді өркендете түсуді және келешектері бар жобаларға ауқымды қаражаттар салуды жалғастыра береміз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Топтың басшылығы атынан мен, өзіміздің барлық қызметкерлерімізге, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына, сондай-ақ 2009 жылы Тобымызға баға жетпес қолдау жасап отырған серіктестеріміз бен жеткізушілеріміздің барлығына да алғысымды білдіргім келеді».

Толық ақпарат алғыңыз келсе төмендегі байланыс телефондарына хабарласыңыз:

«Қазақмыс ПЛС»		
Джон Смэлт	Корпорациялық байланыстар бөлімінің басшысы	Тел:+44 20 7901 7882 Тел:+44 78 7964 2675
Айрин Бэртон	Қаржы талдаушысы	Тел:+44 20 7901 7814
Зүлфира	БАҚ-мен байланыс жасау	Тел: +77 27 266 3317
Мұхамедиярова	жөніндегі аға менеджер	
Мерлин		
Дэвид Саймонсон		Тел: +44 20 7726 8400
Том Рэнделл		Тел: +44 20 7726 8400
Леонид Финк		Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс Тобы (Қазақмыс ПЛС) табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында аса қомақты қатысу үлесі бар.

Қазақмыс Тобы, қатарына 15 кеніш, 10 тау-кен фабрикалары және 2 мыс балқытушы өндірістік кешендері қосылатын Қазақстандағы әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушілердің бірі болып табылады. Мысты өндіру руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс

түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толығымен интеграцияланған. 2009 жылы Топ меншікті рудасынан 320 мың тонна катодты мыс өндірді. Бұл өндіріс ішкі қажетіне электр энергиясын жеткізумен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтылған.

Қазақмыс Тобы басқа да металлдардың ауқымды көлемін, оның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіреді. 2009 жылы Қазақмыс 149 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Қазақмыс әлемде ең ірі деген төртінші күміс өндіруші болып табылады (2009 жылы 17 млн.унций күміс өндірді).

Құрамына 2007 жылының шілдесінде сатылып алынған «Eurasia Gold Inc» компаниясы кіретін «Kazakhmys Gold» бөлімшесі, кен игеру және кен орындарын барлау жөнінде ірі жобаларды жүзеге асырып отыр. 2009 жылы Топ 182 мың унция алтын өндірді, оған тиесілі есептелінген әрі болжанып отырған 2,3 млн.унций ресурстары бар.

“Kazakhmys Power” теңгерімді қуаттылығы 4000 МВт құрайтын Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз көмір электр станциясының (ЕГРЭС-1) 50 пайыздық қатысу үлесін иеленіп отыр. Оның үстіне, 2009 жылы 3,7 млн.тоннадан астам көмір шығара отырып, электр станциясының қажеттігінің 25 пайызын қамтып отыратын Майкөбе көмір кеніші де осы бөлімшеге тиесілі.

«Kazakhmys Petroleum» бөлімшесі 2007 жылдың сәуір айында иелігіне сатып алған Каспий маңы ойпатының шығыс шекарасында орын тепкен Шығыс Ақжар барлау блогында өзінің жұмысын жалғастырып отыр.

Соған қоса, Қазақмысқа алдын ала мыстан және мыс қорытпаларынан алынған жартылай өңделген өнімдердің алуан-түрлі ассортиментін шығарып мыс өнімдерін өндіретін МКМ германиялық компания тиесілі.

Топ айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді. Топтың акциялары Лондон Қор биржасында, сондай-ақ Қазақстан Қор биржасында саудаланады. 2009 жылы ол EBITDA 1,2 млрд доллар көрсеткішімен Топтың өнімдерін сату көлемі 3,7 млрд доллар шамасында болды. Топта шамамен 62000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – Орталық Азияда ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіндіктерін диверсификациялау және кеңейте түсуде белсене қатысу.